

2022 жылдың 18 қараша күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Қарлығаш» ортаңғы тобында өтілген «Дене шынықтырумен доспыз!»
атты тақырыбында өткен спорттық ойын сауыққа

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Дене тәрбиесіне деген қызығушылықтарын арттыру. Салауатты өмір салтын ұстану тәрбиелеу. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Денсаулық өмірдің мәні екенін түсіндіру. Тәрбиеленушілерді салауатты өмір сүруге үйрету және ойлау есте сақтау, танымдылық қасиеттерін байқай отырып, болашаққа деген көз қарастарын қалыптастыру.

«Қарлығаш» ортаңғы тобында қатысқан бала саны - 17

Тәрбиеші А. Сейткасымова ортаңғы топтың тәрбиеленушілерінің қатысуымен өткен «Қонжық» және «Көжек» тобының тәрбиеленушілерін ойын алаңына құрмет - қошеметпен шақырды. Балалармен амандасып, жарысты бастамас бұрын дене қызу жаттығуларын жасаттын. Балаларға басты байлық - денсаулық екенін айтып өтті. Деніміз сау болу үшін, үнемі жеке бас тазалығын сақтап, денемізді шынықтырып, дұрыс тамақтанып, күн тәртібін сақтап жүруіміз керек – деп тәрбиеленушілерге түсіндіріп өтті. Тәрбиеленушілерді екі топқа бөлді. Жарыс кезеңдерін таныстырып өтті. «Жуылған кірді ілу», «Үй тазала», «Қасықпен доп тасу», «Дүкенге бару» ойындарын қызығушылықпен ойнап жатты. Ойын шартымен толықтай таныстырып өтті. Жылдамдықтарын, шапшандықтарын көрсете білді. Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жоспарланған.

Кемшіліктері:

1. Балалар шеңбер бойымен жүруді дұрыс білмейді.
2. Сапта тұруға, қатарда орнын тауып тұруды білмейді.

Ұсыныс: Балаларға жеке жұмыс жасау ерек. Балаларды күнделікті сапқа тұруға, қатарға тұруға машықтандыру.

Әдіскер: *Жеңіс* Жылысбаева Р.М

2022 жылдың 18 қараша күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Балапан» кіші тобында өтілген «Дене шынықтырумен доспыз!» атты
тақырыбында өткен спорттық ойын сауыққа

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру.

«Балапан» кіші тобында қатысқан бала саны - 22

Тәрбиеші Н. Мусаева эстафеталық сайыс өткізді. Топ балаларын екі топқа бөлді.

1. «Қарлығаш» тобының ұраны: спортпен достас, жалқаулықпен қоштас.
2. «Балапан» тобының ұраны: Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін.

Сайыс кезеңі 5 кезеңнен тұрды.

1. Қос аяқпен секіру
2. Ирелеңдеп жүру
3. Пингвиндер мен үйректер сайысы
4. Кім жылдым?
5. Жас спортшылыр

Балалар спорттық сайысқа белсене қатысты. Жеңіске «Балапан» тобы жетті.

Мерекелік ертеңгіліктің ұзақтығы: 30 минут.

Кемшіліктері:

1. Балалар ойын кезінде шашырап кетті.

Ұсыныс:

Тәрбиеші балалардың шеңбер бойымен, бір қатармен жүруді үйрету қажет.

Әдіскер: *Жеңіс* Жылысбаева Р.М

2022 жылдың 10 қараша күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Балапан» кіші тобында өтілген «Балаларға базарлық» кітапхана
бұрышында ата – аналармен бірлесе отырып балаларға ертегі оқуға

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Балаларға кітапхана бұрышының маңызын ұғындыру. Ата – аналарға балаларымен бірлесе отырып кітап оқуға машықтандыру. Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.


«Балапан» кіші тобында қатысқан бала саны - 20

Тәрбиеші Н. Мусаева балаларды кітапхана бұрышымен таныстырды. Ондағы кітаптардың аттары мен суреттерін көрсетті. Тәрбиеші бүгінгі шараға келген ата – аналарды балалармен таныстырды. Олар Қуаныштың анасы, Жанайымның анасы және Исламханның аналары еді. Ата – аналар балалармен бірге кітап сөресіндегі кітаптармен танысты. Исламханның анасы Ғалия ханым балаларға «Алма» ертегісін оқып берді. Балалар ертегіні тыңдады. Ертегі соңында ата – аналар балаларға сұрақтар қойды. Ертегіде жылдың қай мезгілі айтылған? Ертегіде қандай кейіпкерлер бар екен? Алманы кім тапты? Оны кім үзіп алды? Алманы жеуге олар неге таласты? Т.б Балалар шамалары келгенше сұраққа жауап беруге тырысты.

Ұзақтығы: 20 минут.

Кемшіліктері: Балалар ата – аналарды көріп шулап кетті. Кітапты шашып тастады.

Ұсыныс: Алдағы уақытта балаларды кітапхана бұрышына көп уақыттарын бөлгізу керек.

Әдіскер:  Жылысбаева Р.М

2022 жылдың 10 қараша күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Қарлығаш» ортаңғы тобында өтілген «Балаларға базарлық» кітапхана
бұрышында ата – аналармен бірлесе отырып балаларға ертегі оқуға

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Балаларға кітапхана бұрышының маңызын ұғындыру. Ата – аналарға балаларымен бірлесе отырып кітап оқуға машықтандыру. Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.


«Қарлығаш» ортаңғы тобында қатысқан бала саны - 17

Тәрбиеші Б. Ганиева балаларды кітапхана бұрышымен таныстырды. Ондағы кітаптардың аттары мен суреттерін көрсетті. Тәрбиеші бүгінгі шараға келген ата – аналарды балалармен таныстырды. Олар Жансаяның анасы, Айшаның анасы және Исламның аналары еді. Ата – аналар балалармен бірге кітап сөресіндегі кітаптармен танысты. Исламның анасы Раузе ханым балаларға «Құмырсқа мен шегіртке» ертегісін оқып берді. Балалар ертегіні жақсы тыңдады. Ертегі соңында ата – аналар балаларға сұрақтар қойды. Құмырсқаға қандай сипаттама бересіңдер? Шегіртке құмырсқаға қайдан тап болды? Шегірткенің айтқаны дұрыспа? Құмырсқа шегірткеге недеп жауап берді? Адамдар неге бидайға дәрі септі? Құмырсқаны неге еңбекқор деп атайтынын түсіндіңдерме? Шегіртке өз қателігін түсіндіме? Балалар ата – аналар қойған сұрақтарға жауап берді.

Ұзақтығы: 25 минут.

Кемшіліктері: Балалар ата – аналарды көріп шулап кетті. Кітапты шашып тастады.

Ұсыныс: Алдағы уақытта балаларды кітапхана бұрышына көп уақыттарын бөлгізу керек.

Әдіскер:  Жылысбаева Р.М

2022 жылдың 24 қараша күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Қарлығаш» ортаңғы тобында өтілген «Қош бол, Алтын күз!»
тақырыбындағы ертеңгілікке

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерінің айырмашылығы бар екенін түсіндіру. Олардың әрқайыссысы өз қызығымен ерекше. Күздің халыққа молшылық әкелетін қуаныш сыйлайтынын ұғындыру. Табиғатты сүюге тәрбиелеу.

Музыка залында санитариялық - гигиеналық талаптар сақталған. Педагогикалық талаптар бойынша барлық қолайлы жағдай жасалынған, би нөмірлеріне, ойын іс-әрекеттеріне қажетті материалдар дайындалған.

«Қарлығаш» ортаңғы тобында ертеңгілікке қатысқан бала саны - 23

Тәрбиеші А. Сейткасымова ортаңғы топта «Қош бол, Алтын күз!» тақырыбындағы ертеңгілікті жүргізді. Балалар тақпақтарын айтты. Балалар хормен «Күзде» әнін орындады. «Саңырауқұлақтар» биін ұл балалар билеп шықты. Қонаққа күз ханшайымы келді. Ол балалармен амандасып, балаларды мерекелерімен құттықтады. Ханшайым балалардың әндері мен билерін, тақпақтарын тамашалады. Ханшайым балаларға «Егін жинап аламыз» ойынын ойнатты. «Жапырақтар» биін қыздар тамаша билеп шықты. Тәрбиеші балаларға «Кім тез» ойынын ойнатты. Ханшайым балаларға жұмбақтар жасырды. Балалар жұмбақтың шешуін тапты. Балалар «Шалқан» орыс халқының ертегісін сахналайды. Хор: «Осень» әнін балалар бірге айтты. Ханшайым балаларға әкелген себеттегі алмасын таратып, балалармен қоштасып шығып кетті. Ертеңгілік жақсы өз дәрежесінде өтті.

Ертеңгіліктің ұзақтығы: 30 минут.

Кемшіліктері: «Саңырауқұлақтар» биінен балалар шатасып қалды. Тақпақтарын анық айталмайтын балалар бар.

Ұсыныс: Балалармен жеке жұмыс көптеп жүргізілу керек.

Әдіскер:  Жылысбаева Р.М

2022 жылдың 24 қараша күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Балапан» кіші тобында өтілген «Қош бол, Алтын күз!» тақырыбындағы
ертеңгілікке

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерінің айырмашылығы бар екенін түсіндіру. Олардың әрқайыссысы өз қызығымен ерекше. Күздің халыққа молшылық әкелетін қуаныш сыйлайтынын ұғындыру. Табиғатты сүюге тәрбиелеу.

Музыка залында санитариялық - гигиеналық талаптар сақталған. Педагогикалық талаптар бойынша барлық қолайлы жағдай жасалынған, би нөмірлеріне, ойын іс-әрекеттеріне қажетті материалдар дайындалған.


«Балапан» кіші тобында ертеңгілікке қатысқан бала саны - 23

Тәрбиеші П. Бидаулетова кіші топта «Қош бол, Алтын күз!» тақырыбындағы ертеңгілікті жүргізді. Балалар тақпақтарын айтты. Балалар хормен «Күзгі жаңбыр» әнін орындады. Қонаққа күз ханшайымы жіне қоян келді. Ол балалармен амандасып, балаларды мерекелерімен құттықтады. Ханшайым балалардың әндері мен билерін, тақпақтарын тамашалады. «Жапырақтар» биін қыздар тамаша билеп шықты. Қоян балаларға «Кім жылдам» ойынын ойнатты. Ханшайым балаларға жұмбақтар жасырды. Балалар жұмбақтың шешуін тапты. Хор: «Жау, жау, жаңбыр» әнін балалар бірге айтты. «Қолшатыр» биін қыздар биледі. Ханшайым балаларға әкелген себеттегі алмасын таратып, балалармен қоштасып шығып кетті. Ертеңгілік жақсы өтті.

Ертеңгіліктің ұзақтығы: 25 минут.

Кемшіліктері: Тақпақтарын анық айталмайтын балалар бар.

Ұсыныс: Балалармен жеке жұмыс көптеп жүргізілу керек.

Әдіскер:  Жылысбаева Р.М